

**Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық  
үйлестіру кеңесінің отырысының хаттамасы  
(Онлайн форматта)**

Нұр-Сұлтан қ.

№5

2022 ж. 24.06., 11.00

**Төрағалық еткен:** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары М.Т.Рақымжанова

**Қатысқандар:** (тізім беріледі).

**Күн тәртібі:**

1. Кодекс Алиментариус комиссиясының ФАО/ДҚСҰ Еуропа бойынша Үйлестіру комитетінің 32-сессиясын өткізу бойынша есебі (м.ғ.д., профессор Н.М. Қарсыбекова)
2. Азық-түлік өнімдеріндегі ластаушы заттар жөніндегі комитеттің 15-ші отырысына Қазақстанның қатысуы туралы есеп (м.ғ.к. Ж.Т.Толысбаева)
3. Халықаралық тәлімгер, ДДҰ сарапшысы Еронимас Маскюлинистің қатысуымен өткен ұлттық сарапшыларға арналған семинар туралы есеп (м.ғ.к. Ж.Т.Толысбаева)
4. Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күнін мерекелеу (д.н., профессор Б.С.Майқанов)
5. Әртүрлі.

**Төраға:**

Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің мүшелерімен амандасты. Отырыстың күн тәртібі бекітілді.

1. Баяндамашы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ССЕУРО координаторы Н.М.Қарсыбекова Кодекс Алиментариус комиссиясының ФАО/ДДҰ Еуропа бойынша Үйлестіру комитетінің (бұдан әрі – ССЕУРО) 32-сессиясының қорытындылары бойынша сөз сөйледі. ССЕУРО-да қаралған мәселелер, олардың мәні мен шешімдері ұсынылды.

2. Баяндамашы м.ғ.к., тағам гигиенасы бойынша сарапшы Ж.Т.Толысбаева өз баяндамасында азық-түлік өнімдеріндегі ластаушы заттар жөніндегі кодекс комитетінің 15-ші сессиясының нәтижелерін көрсетті. Талқылауға Комитеттің құжаттары, олар бойынша елдің ұстанымы, мүше елдердің талқылауынан кейінгі Комитеттің шешімдері, сондай-ақ Комитет қабылдаған шешім ҚР территориясында әрекет ететін заңнамаға сәйкес келмегендіктен және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында ескертпе қоюға мәжбүр болған Қазақстанның ұстанымдары ұсынылды..

3. Баяндамашы м.ғ.к., тағам гигиенасы бойынша сарапшы Ж.Т. Толысбаева ағымдағы жылдың 9-10 маусымында ДДҰ халықаралық сарапшысы Еронимас Маскиолинистің қатысуымен өткен ұлттық сарапшыларға арналған оқыту семинары туралы қатысушыларды хабардар етті.

4. Баяндамашы ғылым докторы, профессор Б.С. Майқанов 7 маусымда Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі күніне арналған «Әртүрлі жанғақтардың қауіпсіздігі мен сапасы» тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинар өткізілгені туралы ақпарат берді. Семинар елорданың ірі нарықтарының зертханаларының басшыларының, жанғақтардың ірі жеткізушілерінің, магистр студенттерінің, ДДҰ елдегі кеңсесінің және Кодекс Алиментариус Қазақстан тобының өкілдерінің қатысуымен өтті. Семинарда жергілікті және импорттық жанғақтардың қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етудің түрлі аспектілері қарастырылды.

5. Профессор Н.М.Қарсыбекова жиналғандарды Кодекс Алиментариус бағдарламасы шеңберінде Еуропа мен Қытай арасындағы ынтымақтастық үшін қытайлық сауда өнеркәсіптік компаниялар құрған Азық-түлік стандарттарын сертификаттау жөніндегі халықаралық ұйымның бас директорынан Қазақстан Республикасының байланыс нүктесінің поштасына хат алғаны туралы хабарлады. Аталған үкіметтік емес ұйым қазан айында қытайлық компанияларды азық-түлік қауіпсіздігі стандарттары бойынша Кодекс негізінде жұмыс істеуге ынталандыру үшін Еуропа-Қытай конференциясын өткізуді жоспарлап отыр. Қазақстандық азық-түлік қауіпсіздігі ұйымдарымен ынтымақтастыққа қызығушылық танытып, осы мәселе бойынша Нұр-Сұлтанда кездесу өткізуге сұраныс бар.

**Баяндамашылардың ақпаратын ескеріп, мыналарды ұсыну туралы шешім қабылданды:**


1. ФАО/ДДСҰ «Кодекс Алиментариус» Комиссиясының Еуропа бойынша Үйлестіру комитетінің 32-сессиясы жұмысының нәтижелерін және онда әзірленген өңірлік ұстанымды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Кодекс Алиментариус комиссиясының жұмысына қатыссын.
2. Өңірлер мен өнім түрлері бойынша орташа мәндерін анықтау мақсатында ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ҰСО) филиалдарынан алынған азық-түлік тауарларының құрамында қорғасынды анықтау (2019-2022 жж.) бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулер жөніндегі мәліметтерге талдау жүргізу. Қазақстан Республикасының зертханалық қызметін қазіргі заманғы әдіспен тамақ өнімдерінде қорғасынды анықтауға арналған жоғары технологиялық жабдықтармен жабдықтау қажеттілігін анықтау (ҚР-да қолданылатын әдістермен және Кодекс Алиментариусінің әдістерімен салыстыру); СЭБК-не ұсыныстар жіберілсін.
3. Бейінді Кодекс комитеттерінің жұмысындағы төмен белсенділіктің себептерін анықтау үшін ұлттық сарапшылар арасында сауалнама жүргізілсін.
4. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-мен азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру.
5. Басқару жүйесін цифрландыру және оны «Кодекс Алиментариус» Комиссиясының ескерту жүйелерімен біріктіру бөлігінде «Санэпиднадзор» модулінің жобасы бойынша техникалық тапсырманы талқылауға Ведомствоаралық кеңес тартылсын.
6. Ақпаратты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Н.Сәдуақасовтың назарына жеткізу және СЭБК басшылығының Азық-түлік стандарттарын сертификаттау жөніндегі халықаралық ұйымның Бас директорының өкілдерімен сұралған кездесу өткізу мүмкінділігін талқылау.

**Басқарма төрағасының м.а.**



**М. Рақимжанова**

**Хатшысы**



**Ж. Толысбаева**

**Кодекс Алиментариус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің отырысына қатысушылардың тізімі**

2022 жылғы 24 маусым

№	Аты-жөні, лауазымы
1	Қасқатаева Д.Қ. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік өнімдерінің техникалық регламенттерін бақылау департаментінің басшысы
2	Майканов Б.С. – С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті ветеринариялық санитария кафедрасының профессоры
3	Әутелеева Л.Т. – С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті ветеринариялық санитария кафедрасының аға оқытушысы
4	Синявский Ю.А. - «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС вице-президенті
5	Шәріпбаева А.Ш. - «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС аға ғылыми қызметкері
6	Ударцева Т.П. – «Астана медицина университеті» КЕАҚ профилактикалық медицина және тамақтану кафедрасының профессоры
7	Лопухин В.В. – «Органикалық егіншілік қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры
8	Қарсыбекова Н.М. - Кодекс Алиментариус комиссиясының Еуропа бойынша ФАО/ДДҰ үйлестіру комитетінің аймақтық үйлестірушісі
9	Толысбаева Ж.Т. – Қазақстан Республикасының Кодексінің байланыс пункті, Кодекс Алиментариус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің хатшысы